



# Пестицидтерге және биоагенттерге (энтомофагтарға) субсидиялар алу тәртібі

**СУБСИДИЯ АЛУШЫЛАР:**  
- АШТӨ  
- Ауыл шаруашылығы кооперативтері

Өтінімдер ағымдағы жылы және өткен жылдың 4-тоқсанында сатып алынған пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) (бұдан әрі – ӨҚҚ) бойынша тиісті жылдың 1 сәуірінен 1 желтоқсанына дейін қабылданады.

## Субсидия алу шарттары

### Қызмет көрсету мерзімі – 3 жұмыс күні

Өтпелі өтінім берген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету тоқтатылады және ӨҚҚ отандық өндірушісі нақты өткізілген ӨҚҚ туралы мәліметтерді өтпелі өтінімге 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей енгізгеннен кейін қайта басталады.



#### ✓ Өтінімді «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы ЭЦҚ-мен беру

- Пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) толық құны бойынша сатып алған кезде өтінім беріледі.
- ӨҚҚ-ды өндірушіден арзандатылған бағамен сатып алған жағдайда:
  - шарт негізінде өтпелі өтінім беріледі;
  - ӨҚҚ-ды өндіруші ӨҚҚ-ның нақты сатылымы туралы мәліметтерді 30 күнтізбелік күн ішінде өтпелі өтінімге енгізеді (ӨҚҚ өндірушісі мәліметтерді уақытылы енгізбеген жағдайда өтпелі өтінім күшін жояды).
  - Субсидиялар ӨҚҚ өндірушісіне төленеді.



#### ✓ ЭЦҚ арқылы қол қойылған өтінімді (өтпелі өтінімді) мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесінде тіркеу



#### ✓ АШТӨ-нің (ауыл шаруашылығы кооперативінің) мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесінде жеке шотының болуы

Өтпелі өтінімді беру үшін ӨҚҚ өндірушісінің мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесінде жеке шоты болуы тиіс.



#### ✓ ӨҚҚ-ды сатып алуға жұмсалған шығындарды растау

- Мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесі және электрондық шот фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы
  - Шетелдік өндірушіден сатып алынған жағдайда (ЭСФ АЖ қолданылмаса):
    - Егер ӨҚҚ ЕАЭО құрамына кірмейтін елдерден әкелінсе, растау кедендік декларация арқылы жүргізіледі.
    - Егер ӨҚҚ ЕАЭО елдерінен әкелінсе — растау тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш пен салық органының белгісі арқылы жүргізіледі.
  - ӨҚҚ қайта өңдеу кәсіпорны арқылы берілген жағдайда:
    - Шығындар қайта өңдеу кәсіпорны арқылы расталады. Субсидия алушы — шарттың көшірмесін қоса тіркеп, өтінім берген АШТӨ (ауыл шаруашылығы кооперативі) болып табылады.



#### ✓ Мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесі және бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры жүйесі арқылы расталған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жер пайдалану құқығында және (немесе) жеке меншікте болуы

- Өнеркәсіптік жылыжай көшендері үшін жер учаскелері ауыл шаруашылығы немесе өзге мақсаттағы болуы мүмкін және олар жер пайдалану құқығында және/немесе меншікте болуы тиіс.
- Ауыл шаруашылығы кооперативі субсидия алу үшін өтінім бергенде:
  - Егер ӨҚҚ-ны кооператив мүшелері сатып алса — субсидияны сол мүшелер алады.
  - Егер ӨҚҚ-ны кооператив сатып алса — субсидияны кооператив алады. Мүшелік жалпы жиналыс шешімінің үзіндісімен расталады.
  - Бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы шаруа (фермер) қожалығы ӨҚҚ-ны сатып алу кезінде субсидия алу үшін өтінім берсе - субсидияны шаруа қожалығы алады, мүшелік ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен расталады.
  - Жер учаскесі құқықтарын беру арқылы лизингке алу кезінде АШТӨ (ауыл шаруашылығы кооперативі) жер учаскесінің деректерін көрсетеді, бұл мәліметтерді лизингтік компания растайды.



#### ✓ Соңғы 2 жылға (ағымдағы және алдыңғы жылдарға) ауыспалы егіс туралы мәліметтерді ұсыну.

Пестицидтерге субсидиялардың нормалары ҚҚС-ты есепке алмағанда пестицидтің немесе аналогының ең төменгі құнының жартысынан аспайтын мөлшерде белгіленеді.

Биопрепараттарға мен биоагенттерге (энтомофагтарға) субсидия нормасы ҚҚС-ты есепке алмағанда ең төменгі құнының 40 %-ынан аспайтын мөлшерде (қоса алғанда) белгіленеді.



Пестицидтерге (биопрепараттарды қоспағанда) субсидия нормасы әсер етуші заттардың құрамы мен концентрациясына байланысты белгіленеді:

- аналог(тары) бар пестицидке – аналогтың ең төменгі құнының 50 %-ынан аспайтын мөлшерде;
  - аналог(тары) жоқ пестицидке – пестицидтің өзінің ең төменгі құнының 50 %-ынан аспайтын деңгейде.
- ӨҚҚ-ның тізбесі мен субсидия нормалары жыл сайын жергілікті атқарушы органның қаулысымен бекітіледі.

Субсидия алу тәртібінің толық мәтінін алу үшін QR-кодты сканерлеңіз.

